



Инфляциялық күтулер

Мамыр 2024


- 2024 жылғы мамырда халықтың инфляцияны күтуі төмендеді
- Тұтыну көңіл-күйі бір жылдан кейінгі жеке материалдық жағдайды бағалау, елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткішінің артуына байланысты жақсарды
- Кәсіпорындар өнімдерінің қымбаттау қарқыны баяулайды деп күтуде

Халықтың инфляцияны күтуі

2024 жылғы сәуірде алдағы 12 айда күтілетін жоғарылаған инфляцияның медианалық мәні¹ мамырда қайта төмендеп, 12,7%-ға түсті (2024 жылғы сәуірде – 16,1%) (1-кесте). Бір жылдан кейінгі күту құрылымындағы төмен инфляцияны күту үлесі 13,5%-ға (8,5%) дейін өсті.

Сонымен қатар, сезілетін инфляцияның кейінгі 12 айдағы медианалық мәні де 14,2%-ға дейін (16,3%) төмендеді.

1-кесте. Инфляция және оны бағалаудың медианалық мәні, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2024 жылғы мамырда азық-түлік қымбаттағанын айтқан респонденттердің үлесі 77%-ға дейін төмендеді (2024 жылғы сәуірде – 77,9%). Сонымен қатар, азық-түлік емес тауарлардың бағасы өскенін айтқан респонденттер үлесі 10,6%-ға дейін артты (8,1%).


Сауалнамаға қатысқандар азық-түліктен – ет пен сүт өнімдері, сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөніс, шұжық пен ірімшік бағасы өскенін айтты. Азық-түлік емес тауарлар ішінде респонденттер дәрі-дәрмек пен жуып-тазалауға арналған химиялық өнімдердің, киім мен аяқ киімнің қымбаттағанын жеткізді. Ақылы қызметтерден тұрғын үй-коммуналдық қызметі, интернет және ұялы байланыс қызметі, медициналық қызмет алу қымбаттағаны көп байқалған (2-кесте).

2-кесте. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері

Азық-түлік



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтынуға деген көңіл-күйі

2024 жылғы мамырда тұтыну көңіл-күйі индексі 111,4-ке дейін өсті (2024 жылғы сәуірде – 109,3), (3,4,5-кестелер). Атап айтқанда, таяу жылдағы елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткіші (12,7 тармаққа) және 5 жылдан кейінгі елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткіші (0,8 тармаққа) өсті. Бір жылдан кейінгі жеке материалдық жағдайды бағалау көрсеткіші де (1,5 тармаққа) жоғарылады.

Қазіргі жағдайды бағалау бойынша кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдайды бағалау мәні (7,4 тармаққа), сонымен қатар қомақты ақшаға сауда жасауға жағдайдың болуы (7,9 тармаққа) өсті.


3-кесте. Тұтыну көңіл-күйі индексі²



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

4-кесте. Күтуді бағалау


- Алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруін бағалау
- Алдағы бір жылдағы елдің даму перспективаларын бағалау
- Алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективаларын бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

5-кесте. Қазіргі жағдайды бағалау


- Кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруін бағалау
- Қомақты сомаға сауда жасау индексі



Кәсіпорындардың баға күтулерінің біртіндеп баяулауы жалғасуда

2024-жылдың 1-тоқсанында экономикадағы кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне бағаның өсу қарқыны баяулады, сүмен және электрмен жабдықтау саласынан басқа салалардың бәрінде баяулау байқалды. 2024 жылдың 2-тоқсанында көптеген салалардағы кәсіпорындар өз өнімдері бағасының өсу қарқынының баяулауын күтуде. Алайда, ауыл шаруашылығы және жылжымайтын мүлікпен жұмыс істейтін кәсіпорындар өсу қарқынының аздап өсуін күтеді (6-кесте).


6-кесте. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 80,3% үшін), сұраныс (79,0%) және еңбек шығындары (67,0%) болып табылады. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, дайын өнімге сұраныс 2024 жылдың 1-тоқсанында өсіп, қалған факторлардың өсу қарқыны сәл баяулады. 2024 жылдың 2-тоқсанында тренд жалғасады деп күтілуде (7-кесте).

7-кесте. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ. Себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл өз кезегінде респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: «Сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншалықты өсті?». Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншалықты өседі?».

2 Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән оң мәндердің, 100-ден төмен теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

3 Диффузиялық индекс (Сi) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ-қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән – өсуді, 50 деңгейден төмен – түсуді білдіреді. Сi мәні 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 388 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: «Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгермеді?»

* 2024 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген.